



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2019 жылғы 20 мамыр

2019 жылғы 10 мамырдан 17 мамыр аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу¹

17 мамырдағы² сауда-саттық қорытындылары бойынша **теңгенің нарықтық бағамы** бір аптада 0,4%-ға нығайып (380,53-тен) 378,93 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюталық нарықта 2019 жылғы 10 мамырдан 7 мамыр аралығында неғұрлым маңызды оқиғалар АҚШ пен Қытай арасындағы сауда қақтығысының өршуі: ҚХР көлемі \$60 млрд. америкалық тауарлардың импортына баждар салу бойынша жауап шараларымен шықты, АҚШ Президенті Әкімшілігінің еуропалық өндірістің автомобильдеріне 25%-дық баж енгізу туралы мәселені алты айға дейінгі мерзімге кейінге қалдыру, сәуірде АҚШ-та бөлшек сауда мен өнеркәсіптік өндірістің төмендеуі туралы статистиканы жария ету, Ұлыбританияның оппозициялық партиясының Брекситке байланысты Үкіметпен одан әрі келіссөздерден бас тартуы болды.

Аталған факторлар АҚШ доллары бағамының дамыған елдердің валюталарымен салыстырғанда нығаюына әкелді.

Дамушы елдердің валюта бағамдарының³ АҚШ долларына қарағанда серпіні мынадай түрде қалыптасты:

- **Ресей рублі** мұнай бағасының өсуі және 135 млрд. рубльге ФҚО-нің үш табысты аукционының (5 жылдық, 9 жылдық және 10 жылдық) аясында 0,8%-ға (65,22-ден 64,68-ге дейін) нығайды;

- **Үндістан рупиясы** мұнай бағасын белгілеудің өсуі, сондай-ақ наурызда өнеркәсіптік өндірістің 0,1% ж/ж. қысқаруы туралы деректерді жария ету аясында 0,4%-ға (69,91-ден 70,22-ге дейін) әлсіреді;

- **Мексика песосы** 0,4%-ға (19,10-нан 19,17-ге дейін) әлсіреді. Мексиканың ОБ 1-тоқсанда экономиканың баяулауына қарамастан, негізгі мөлшерлемені 8,25%-дық деңгейде сақтап қалды. Реттеуші инфляциялық тәуекелдердің өсуін атап өтті (сәуірде бағаның өсуі таргеттің жоғарғы шекарасынан асып түсті);

- **Индонезия рупиясы** сәуірде сауда-саттық тапшылығының рекордтық кеңеюі (-\$2,5 млрд.) туралы деректерді жария ету, сондай-ақ Қытай мен АҚШ арасындағы сауда-саттық келіспеушіліктердің аясында 0,9%-ға (14 327-ден 14 450-ге дейін) әлсіреді. Реттеуші ішкі экономиканы ынталандыру қажеттілігін ескере отырып, әлемдік қаржы нарығының серпінін қадағалап отыратынын мәлімдеді;

- **Түрік лирасы** Қаржымині бюджет дефицитінің болжамдағыдан көп болуына байланысты ОБ-нің резервтік қаражатынан \$6 млрд. пайдалану туралы мәселені қарап жатқаны туралы мәлімдеменің аясында 1,3%-ға (5,98-ден 6,06-ге дейін) әлсіреді. Валюта

¹ шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ашық дереккөздердің негізінде апта сайын дайындайды

² АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары.


нарығында алыпсатарлықтың алдын алу және бюджет кірістерін ұлғайту жөніндегі шаралар ретінде Үкімет кейбір валюталық транзакциялар үшін 0,1% мөлшерде салық енгізді;

- **Оңтүстік Африка ранды** АҚШ пен ҚХР арасындағы сауда-саттық қатынастарға қатысты белгісіздікке байланысты дамушы елдер валюталарымен салыстырғанда АҚШ доллары бағамның жалпы нығаюы, сондай-ақ наурызда бөлшек сауданың баялауы және 1-тоқсанда жұмыссыздық деңгейінің өсуі аясында 1,9%-ға (14, 16-дан 14,43-ке дейін) әлсіреді;

- **Бразилия реалы** саяси тәуекелдердің өсуі: Жаир Болсонару басқарған жаңа Үкімет жұмыс орындарының қысқаруына әкелетін, университетті мемлекеттік қаржыландыруды 30%-ға азайтуға қарсы алғашқы жаппай қарсы шығулар аясында 3,5%-ға (3,96-дан 4,1-ге дейін) әлсіреді.



Дамушы елдер валютасының серпіні (3 мамыр 2019=100, индекстің өсуі – валютаның нығаюы)



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мынадай телефон бойынша алуына болады:
 +7 (727) 2704 585
 e-mail: press@nationalbank.kz
www.nationalbank.kz